Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 1

Абай өлеңдеріндегі адами құндылықтар және ұлттық мінез көрінісі

Абай Құнанбаев - қазақ халқының ұлы ақыны, ойшыл, ағартушы. Ол - қазақтың проза мен поэзия жанрларында өнімді еңбек еткен кемеңгер тұлға. Ә. Кекілбаев Абай шығармашылығы жайлы былай деді: „Абай Құнанбаевтың туындылары ұлттық әдебиетіміздің кітапханасындағы ең жоғарғы сөреге жайғасқан." Бұл берілген баға Абай шығармашылығының қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Себебі Абай өз туындыларында терең философиялық ойларды қағазға түсіріп, өзекті мәселелерді көтерген. Сондықтан, менің ойымша, Абай шығармашылығы - адами құндылықтарды насихаттайтын және ұлттық мінез көрініс табатын құнды мұра. Бірақ не себепті мен олай ойлаймын және Абай шығармашылығы несімен құнды?

Біріншіден, Абай туындылары - адами құндылықтарды насихаттайтын баға жетпес мұра. Абайдың әрбір өлеңі мен қарасөзінде адами құндылықтар: адамгершілік, мейірімділік, еңбекқорлық, әділдік насихатталады. Оған дәлел Абайдың он жетінші қара сөзіндегі „Толық адам" концепциясы бола алады. Он жетінші қара сөзінде Абай: „Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, боласың сонда елден бөлек" - деді. Яғни, Абай ақыл, қайрат, мейірімділік сынды адами қасиеттер адам баласын алға жетелейтін күш ретінде қарастырады. Сонымен қатар „Ескендір" поэмасында да ол Аристотель бейнесі арқылы адамгершілік қасиеттерді жастарға үлгі етеді. Ал Ескендір бейнесі арқылы ашкөздік, дүниеқоңыздық, зұлымдық сынды қасиеттерден аулақ болуға шақырады. Сондықтан Абай туындыларындағы

адами құндылық тар - адамгершiлiктiң бастауы деп түсiнемiн.
Екiншiден, Абай еңбектерiнде ұлттық мiнез көрiнiс табады. Ол өз заманындағы адамның рухани дамуын тежеген кiркетiштi, кесел мiнездердi сынға алады.

„Қалың елiм, қазағым, қайран жұртым
Ұстарасыз аузыңа түстi мұртың
Жақсы менен жаманды айырмадың
Бiрi қан, бiрi май боп ендi екi ұртың.
Бет бергенде шырайлың сондай жақсы
Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?" - деп дүниеқоңыздық, пайда күнемдiк, әдiлетсiздiк, iштарлық, бiлiмсiздiк, ерiншектiк сынды қасиеттердi сынға алады, әрi халқы мен оның 'ертеңгi' үшiн қатты алаңдады. Дегенмен, Абай ұлттық мiнездi сынға алып қана қоймай, осы кесапат мiнездерден арылуға шақырады. Ондай күйтүрқы мiнездерден аулақ болудың жолын „Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым ойлап қой" - деп көрсетедi. „Сегiз аяқ" өлеңiндегi „Еңбек етсең ерiнбей, тояды қарның тiленбей", „Бiлгенге маржан, бiлмеске арзан" - деген үзiндiлер де оған дәлел бола алады. Сонымен қатар, ұлы ойшыл „Масғұт" поэмасында да халықтың „Көп айтса-көн! Басқа жол жоқ" деген мiнезiн де Масғұт бейнесi арқылы суреттеген бұл поэманың соңында Масғұт күлi халықпен қосылып „жынды су" iшедi. Абай бұл арқылы өзi тағдыққан рухани жалғыздықты бейнелеп, оқырманды бiлiм-ғылымға, дұрыс таңдау жасай бiлуге итермелейдi. Абайдың айтуынша, өркениетке жеткiзер жол-бiлiм-ғылымда, адами құндылық тарда. Әдетте, бiз бойымызды

тайлан алатын індетпен, яғни кесел мінезден аулақ болып, тек алға ұмтылу керекпіз.

Бүгінгі күні де Абай Құнанбаевтың шығармашылығы өзінің маңызын жоғалтпаған. Ұлы ұстаз Абайдың пікірінше: Адам баласы толыққанды тұлға болып қалыптасуы үшін оған үш фактор әсер етеді. Біріншіден, баланың шығу тегі жақсы болуы керек, яғни текті отбасыдан шығу керек. Екіншіден, баланың қоршаған ортасы дұрыс болуы керек, яғни достары. Үшіншіден, балаға адами тұрғыдан толық тәрбие берілуі тиіс. Сондықтан еліміздің келешегі жарқын болуы үшін елбасымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бұл мәселеге аса қатты назар аударып, Абай ілімі негізінде „Адал азамат", „Біртұтас тәрбие", „Баланың" сынды бағдарламаларды енгізуде. „Тәрбие - тал бесіктен" демекші президентіміз бұл мәселені уақытылы қолға алып, еліміздің келешегі-жастар үшін барлық жағдай жасауда. Сондықтан Абай өлең дегендегі адами құндылықтар мен ұлттық мінез өзектілігін әлі де жоғалтпаған.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келетін болсақ, „Абай - дана, Абай - дара қазақта" дегендей, мен Абай Құнанбаев - қараңғы заманда аспанға жарқырап шыққан шоқ жұлдыз деп ойлаймын. „Жақсының аты өлмейді, Ғалымның хаты өлмейді" демекші, оның шығармашылығы - бізге ұрпақтан бағыт-бағдар беретін, баға жетпес мұра!